

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын Еске алу күнін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 5 сәуірдегі N 3443.

1997 жылдың Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялануына байланысты, Республика азаматтары мен қоғамдық бірлестіктерінің тілектерін ескере отырып, әрі саяси қуғын-сүргін құрбандарын мәңгі есте қалдыру мақсатында қаулы етемін:

1. 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын Еске алу күні деп белгіленсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған шаралар әзірлеп, оларды 31 мамырда өткізетін болсын.
3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті